



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№3 (911) Сәрсенбі 22 қаңтар 2025 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



ТАЗАЛЫҚ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР САЛТЫНА АЙНАЛУЫ ТИІС

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасын іске асыру, IT-экспортты дамыту мәселелері қаралды. Жинға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте мәселелер кеңінен талқыланып, қала, аудан әкімдері мен сала жетекшілеріне тапсырмалар жүктелді.

«Мемлекет басшысы жыл сайынғы халыққа Жолдауында барлық саладағы цифрлық трансформацияның маңыздылығын үнемі айтып келеді. Биыл жасанды интеллектке баса мән берілуде. Азаматтардың жасанды интеллектті пайдалану тетіктерін енгізуде нақты шаралар қабылдауымыз қажет. Оның мүмкіндіктерін барлық салада кеңінен пайдалану, халықтың дайын сервистерді тез игеруіне мүмкіндік жасау маңызды. Білім саласындағы олимпиадаларға, басқа да іс-шараларға жасанды

интеллект тақырыбын қосу қажет. Облысымыздағы технопарктерде жасанды интеллект өнімдерін әзірлеумен қоса, оның мүмкіндіктерін пайдалануға тұрғындарды кеңінен оқыту, насихаттау керек.

Қоршаған ортаны таза ұстау, туған жерімізді қоғалдандыру, абаттандыру тұрғындардың күнделікті әдетіне, өмір салтына айналуы тиіс. Бұл маңызды жұмыстарды тұрақты жүргізуге, кеңінен дәріптеуге қала және аудан әкімдері, барлық басқармалар мен мекеме басшылары, сондай-ақ бизнес қауымдастық өкілдері тікелей жауапты.

«Таза Қазақстан» порталының басты мақсаты – тұрғындармен жылдам әрі ашық кері байланыс орнату. Келіп түскен ескертулер, шағымдар мен ұсыныстарға дер

кезінде жауап беру қажет», – деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында санитарлық тазалық абаттандыру, тұрғындардың қолайлы өмір сүруіне жағдай жасалуда. Тұрғындар, жастар ұйымдары мен кәсіпорын қызметкерлері бағдарламаны қолдап, тазалық жұмыстарына белсенді қатысты. Елді мекендердегі скверлер мен парктер, тарихи-мәдени ескерткіштер, әлеуметтік, өнеркәсіп, кәсіпкерлік нысандары, аулалар мен көшелер тазартылды. Бұл жұмыстарға 500-ден астам арнайы техника жұмылдырылды.

Көркейт-қоғалдандыру жұмыстары да қарқын алып, өңір климатына жерсінетін көшеттер егілді. Экологиялық бағдарлама аясындағы шаралар республикалық және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде кең көлемде ақпараттандырылды.

Жұмысты одан әрі жүйелі түрде жалғастыру үшін Экологиялық мәдениетті дамытудың 2029 жылға дейінгі өңірлік жоспары бекітілді. Ауылдарды дамытуға бағытталған «Үлгілі елді мекен» конкурсы жыл сайын өткізілуде. Соңғы екі жылда 1 млрд. 500 млн. теңге бөлініп, үздік атанған елді мекендерге 48 арнайы техника табысталды. Өткен жылы коммуналдық сала және абаттандыру мекемелеріне алынған 106 арнайы техника қазір ел игілігіне қызмет етуде.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАҚ» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «ҚазАтомӨнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ басқарма төрағасы Мейіржан Юсуповпен кездесті.

«Аймақта 4 еншілес ірі кәсіпорын – «Байкен-У», «Хорасан-У», «Семізбай-У», «РУ-6» серіктестіктері уран өндірумен айналысады. Бұған дейін де өзіңізбен бірнеше рет кездесіп, бірқатар мәселені талқылаған болатынбыз.

Атап айтқанда, аймақтағы уран өндіруші компаниялардың

әлеуметтік жауапкершілігі мәселесін көтерген едік. Бірлесіп атқарылған жұмыс нәтижесінде оң шешім тапты. «ҚазАтомӨнеркәсіп» акционерлік қоғамы Қызылорда облысында бірқатар ауқымды жұмыс атқаруда. Уран өндіруші компаниялар өткен жылы 751,3 млн. теңге салық төлеген. Бұл

бағыттағы жұмыс әрі қарай жалғасын табады деп ойлаймын», – деді Н.Нәлібаев.

Басқосуда Мейіржан Юсупов екіжақты әріптестік одан әрі нығая түсетінін айтып, алдағы жоспарларын бөлісті.

Сонымен қатар, кездесуде Шиелі ауданы Еңбекші ауылдық округінде «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жолы арқылы көпір салу, 13 шақырымға дейінгі жолды жөндеу мәселелері талқыланды.

ОБЛЫС ӘКІМІ КЕН ОРНЫНЫҢ БАСШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Семізбай У» уран кен орнының бас директоры Біржан Сатанов және орынбасары Қайрат Утяповпен кездесті. Кездесуде аймақтың экономикалық дамуы, әлеуметтік бағдарламалар, экология және әкімдікпен серіктестік мәселелері талқыланды.

Тараптар салық түсімдерін арттыру, өндірістік тиімділікті көтеру, жұмысқа орналастыру және оқуға гранттар беру, қоршаған ортаны қорғау, экологиялық әсерді азайту жөніндегі жоспарларды қарастырды.

Әсіресе, жергілікті халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған бірлескен жобаларға

ерекше назар аударылды.

«Семізбай-У» серіктестігі 2006 жылы Ақмола облысындағы уран кен орнын игеру үшін құрылған. Құрылтайшылары – «ҚазАтомӨнеркәсіп» ҰАҚ», Beijing Sino-Kaz Uranium Resources Investment Company Limited компаниялары. Құрамына Ақмола облысындағы «Семізбай» кен орны, Солтүстік

Қазақстан облысындағы «Семізбай» филиалы, Қызылорда облысындағы «Ирқөл» кен орны кіреді. Негізгі қызметі – уран өндіру және өңдеу, уран құрамды рудалардан өнім дайындау және сату.

«Ирқөл» кен орны 1971 жылы ашылды, 1975-1985 жылдары бұрғылау арқылы барлау жүргізілген. КСРО Мемлекеттік қорлар комиссиясы уран қорының көлемін 29 541 тонна деп бекіткен. Кен орны 2008 жылы пайдалануға беріліп, 2010 жылы жобалық қуаттылығы 700 тоннаға жетті.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАҢДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.

КӘСІПКЕРЛІК БАСТАМАЛАРДЫ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ ОҢ НӘТИЖЕ БЕРУДЕ

Қалалық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Мұхтар Жетілгенов бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне өткен жылы салада атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар бойынша баспасөз конференциясын өткізді.

Қызылорда қаласы мен қалаға қарасты кент және ауылдық округтерде барлығы 33 136 кәсіпкерлік субъекті жұмыс жасауда. Бұл кәсіпкерлік субъектілерде 65 247 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Мемлекеттік бағдарламалар аясында кәсіпкерлік бастамаларды қолдау шаралары оң нәтижесін беруде. Соның бірі, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту мақсатында іске қосылған «Ауыл аманаты» жобасы аясында 291,8 млн. теңгені құрайтын 36 жоба қаржыландырылды. «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы микроаржа ұйымы арқылы, жалпы құны 502,3 млн. теңгені құрайтын 41 жоба, «Аграрлық несие корпорация» АҚ арқылы жалпы құны 5 млрд. теңгені құрайтын 72 жоба қолдау тапты. Екінші деңгейлі банктердің кәсіпкерлік мақсатта ұсынылған несиелерін Даму қорымен

субсидиялау шаралары да жалғасуда. Өткен жылы жалпы құны 22,6 млрд. теңгені құрайтын 647 жобаға қаржылай қолдау көрсетілді.

Өткен жылы инвестиция көлемі 288 млрд. 453 млн. теңгеге (119%) жетіп, жоспарланған жеке артығымен орындалды. Тартылған инвестициялар есебінен өндіріс, сауда, қызмет көрсету, қойма сақтау және түрлі салаларда бірқатар жобалар іске қосылды. Биылғы жылы да инвестиция тарту жұмыстары барысында жаңа жобаларды іске қосу көзделуде. Оның ішінде, кірпіш шығару, жоғары технологиялы айна шығару, нантоқаш кондитерлік өнім шығару зауыттары, шағын өндірістік алаңы және жиһаз өнімдерін шығаратын кәсіпорындарды атап өтуге болады. Бұған қоса, биыл гофрленген қағаздар мен картонның жалпақ қабаттарын өндірісінің құрылысы басталады.



Машина жасау саласына келсек, вагон жөндеу депосын салу және жолаушылар вагондарын өндіретін кәсіпорынның қажетті жабдықтары жеткізілді. Өндіріс орны жақын күндері өз жұмысын бастамақ. Сондай-ақ, тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу бағатында да бірнеше жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Айта кетсек, қайталама шикізатты дайын өнімге шығару, тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу желісі бар шыны ыдыстарын өндіретін зауыты жобалары, – деді бөлім басшысы. Бұдан бөлек, сауда базарларын

жаңғырту жұмыстары аясында 6 млрд. теңге инвестиция тарту көзделген. Базарларды жаңғырту жұмыстары кәсіпкерлердің жеке қаражаты және мемлекеттік бағдарламалар аясындағы жеңілдетілген несиелендіру шеңберінде жүзеге асыру жоспарланған. Бүгінде «Қанат» эмбебап базары ғана толық модернизациядан өтсе, «Сұлтан» базарының құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. «Асбоб», «Сыбаға» және «Талғат» сауда орындары жаңғырту жұмыстарына дайындықты бастады.



ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРА ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен тарихи-мәдени мұра орталығының (тарихи-өлкетану музейі) құрылыс барысы талқыланған мәжіліс өтіп, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма жүктелді.

«Музейдің ішкі тақырыптық тұжырымдамасы бекітілуі, экспозициялық көрме залдары заманауи этно-мәдени үлгіде жасалуы тиіс. Аймақтағы туристік әлеуеті жоғары нысан болғандықтан, оның жабдықталуы, экспозициясы заманауи талапқа сай болуы керек. Ғылыми зерттеу жұмыстарын қазірден бастауды ұсынамын. Құрылыс толық аяқталған кезде экспонаттар дайын болуы қажет. Бұл тек келушілерге қызмет көрсететін мекеме емес, ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етілген ғылыми-рухани орталық болуы тиіс», – деді Н.Нәлібаев.

Жиында орталықтың ішкі экспозициялық жұмыстарының жобасын сәулетші-реставратор, Қазақстанның тарихи-мәдени мұра және музей ісі қауымдастығының атқарушы директоры Ринат Кутдусов таныстырып, ұсынысын айтты.

Еске салайық, 2024 жыл өңірімізде «Руханият жылы» деп жарияланып, мәдени-көпшілік шаралармен қатар, ауқымды жобалар жүзеге асты. Атаулы жылда барлық 7 ауданда ішінде неке кино залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі бар «Руханият орталықтары» салынып, пайдалануға берілуде.

ТҮРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Қала тұрғындарын жайлы баспанамен қамтамасыз ету мақсатында шаһарда тұрғын үй құрылысы қарқынды жүргізілуде. Бұл жұмыстарға 2024 жылы аймақ басшысының тікелей қолдауымен 10 млрд. 122,1 млн. теңге бөлінді.

Өткен жылы Сырдария өзенінің сол жағалауында 504 пәтерлі құрайтын 7 қабатты 6 тұрғын үй пайдалануға берілді. Бүгінде осы мөлтек ауданда 400 пәтерлі құрайтын көпқабатты 10 тұрғын үйдің құрылысы жүруде. Жуырда құрылыс жұмыстары толық аяқталып, пайдалануға берілді. Құрылыс жұмыстарын «Орион», «Интегрострой», «Технастак Ремсервис», «Авангард ПГС», «ПромстройСервис Е», «Асар», «Аман Құрылыс» құрылыс мекемелері жүргізуде. Жобаға сәйкес, тұрғын үйлердің кіре беріс жолы кеңейтіліп, үй ауласы көлік тұрағымен, спорт және балалар ойын алаңдарымен және демалыс

аумақтарымен қамтылған.

Айта кету керек, бүгінде «Тұрғын үй құрылысы» бағдарламасы аясында облыс орталығында 7 қабатты 84 пәтерлі 10 тұрғын үйдің жоба-сметалық құжаттары дайын, көпқабатты 50 пәтерлі 12 тұрғын үйдің құжаттары әзірленуде. Құрылыс жұмыстары жақында бастау алады.

Бұдан бөлек, әлеуметтік осал топ санатындағы азаматтарды баспанамен қамту жұмыстары жалғасуда. Өткен жылы осы санаттағы азаматтарға 936 пәтер пайдалануға берілді. Апатты деп танылған үйлердің де тұрғындарын жана баспанаға көшіру сәтімен жүзеге асырылуда. Қазір «Титов» қыстағында 135 пәтерлі үйдің



құрылысы аяқталып, абағандыру жұмыстары жүргізілуде. Жақын күндері тұрғындар жаңа баспанаға көшіріледі. Дәл осы санаттағы

үй тұрғындары үшін көктем мезгілінде келесі 135 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы бастау алады.

ҚАЛАНЫҢ СӘУЛЕТТІК КЕЛБЕТІН ЖАҚСARTU БАҒЫТЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

Қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Дінмұхамбет Сырлыбаев бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне өткен жылы салада атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар бойынша баспасөз конференциясын өткізді.



Өздеріңізге белгілі, биыл бас жоспардың қолдану мерзімі аяқталады. Оны жаңалау мақсатында өткен жылы әзірлік шаралары басталды. Сызба жұмыстарын ашық конкурстар арқылы жеңімпаз атанған Алматы қаласының «Казгипроград» 1 жобалау институты» ЖШС жүргізуде. Тұжырымдама құжатында Қызылорда қаласының 20 528,0 гектар аумағына аэрофототүсірілім толығымен орындалған және елді мекендерді дамытудың ұзақ мерзімді болжамы әзірленген. Қызылорда қаласының бас жоспарын жобалау жұмыстарын 2025 жылдың аяғында аяқтауды жоспарлаудамыз. Бұдан бөлек, «МПК-Проект» ЖШС-і демеушілігімен Тасбөген кентінің, Қызылжарма ауылдық округі мен Досан елді мекенінің бас жоспарын жобалау жұмыстары басталды, – деді бөлім басшысы.

Бөлім тарапынан сыртқы жарнама нысандарының уақытылы жаңартылуы және көше-жол торабына төгілген құрылыс материалдарын анықтау бойынша мониторинг жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Осы жұмыстар барысында өткен жылы заңсыз ілінген 331 жарнамалық баннер анықталып, қала бюджетіне 84 млн. теңгеден аса қаржы түсірілді. Сонымен қатар, құрылысқа рұқсат беру құжаттарын рәсімдеген 73 кәсіпкерлік нысан анықталып, заңға сәйкес тиісті шара

қабылдау үшін облыстық бақылау басқармасына жолданды. Мәселен, тиісті рұқсат қағаздарын рәсімдемей И.Журба көшесінің бойындағы қызыл сызықпен қабаттаса салынған көлік жуу ғимараты мен Иса Токтыбаев көшесі бойындағы сауда нысаны соттың шешімі негізінде меншік иесінің есебінен бұзылды.

Қаланың сәулеттік келбетін жақсарту бағытында өңірдің табиғи ерекшеліктерін ескере отырып, қаладағы қолданыстағы бірнеше ескірген саябақтар мен парктерді қазіргі заман талабына сай жаңарту үшін жобалау жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, Тұңғыш Президент атындағы парк, Орталық мәдени және демалыс паркі, Қорқыт Ата атындағы саябақтың және Б.Шөкенов атындағы саябағының эскиздік жобалары облыс әкімінің қолдауымен, елімізге танымал жобалаушылардың бірі болып табылатын «В1 group» мекемесінің өз қаражаты есебінен және сала мамандарымен бірлесіп әзірленіп, ұсынылды. Сонымен қатар, қаланың басқа да саябақтарын демалыс орындарының, оның ішінде, «Арай-Санрайс» лагері, «Ғалымдар» аллеясы, «Темір Жол» паркі, «Автовокзал» аллеясы, М.Ералиева атындағы саябақ, М.Торайғыров көшесі бойындағы аллея, «Шұғыла» мөлтек ауданы №5 үй алдындағы аллея, Келменбет батыр аллеясына эскиздік жобалар әзірленіп, ұсынылды.



АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР МЕН АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР ТУРАЛЫ

Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Мұрат Әбсұлтанов бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне өткен жылы салада атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар бойынша баспасөз конференциясын өткізді.

- Жол инфрақұрылымын дамыту бағытында өткен жылы 99 көшеге әртүрлі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 47 көшеге жаяу жүргіншілер жолы салынды. Бұдан бөлек, «Самара-Шымкент-Қызылорда» аудандық маңызы бар автомобиль жолы, Жаппасбай батыр, Қожа Ахмет Яссауи, Е. Көшербаев көшелері 4 жолаққа кеңейтіліп, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылына дейін жаңадан жол салынды. Қазір Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылын қайта жаңғырту жұмыстары жүруде. Бұдан даңғылын қайта жаңғырту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. 61 көшеге түнгі жарық бағаналары орнатылды. Сондай-ақ, 23 көпқабатты тұрғын үйдің ауласы абағандырылып, 20 үйдің қасбеті жаңартылды. Қазір 18 көпқабатты тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ал, биыл 127 көшені жөндеуден өткізуді, 42 көшеге жарық бағаналарын орнатуды жоспарлап отырмыз, – деді Мұрат Байғабылұлы.

Өткен жылы «Тәуелсіздікке 25 жыл» даңғылының бойында «Қызылжарма» каналы арқылы өтетін автожол көпірінің құрылысы бастау алды. Орталық алаң, Ы. Жахаев, Әйтеке

би, Қожа Ахмет Яссауи көшелері, Н.Назарбаев даңғылы абағандырылды.

- Жалпы, Қызылорда қаласында 33 сквер-аллея, саябақтар мен демалыс орындары бар. Тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру үшін қоғамдық орындарды жөндеу, қайта жаңғырту жұмыстары үздіксіз жүргізіліп келеді. Бұл жұмыстар биыл да жалғасын табады. Қазір қалалық мәдениет және демалыс паркінде қайта жаңғырту жұмыстары жүруде. Бұдан бөлек, Қорқыт Ата ескерткішінің маңындағы аллея, Батырхан Шөкенов атындағы саябақ, сонымен қатар, қаржысы бөлінген жағдайда Тұңғыш Президент саябағы қайта жаңғыртудан өткізіледі, – деді бөлім басшысы.

Сонымен қатар, 2024 жылы жаңадан «Жасыл Қызылорда» мекемесі құрылды. Бұл мекеме тікелей қаланы аяқ сумен қамтамасыз етумен және көгалдандырумен айналысуда. Нәтижесінде өткен жылы облыс орталығын көгалдандыру бағытында ауқымды жобалар жүзеге асты. 11 мыңнан аса ағаш көшеті отырғызылып, каналдарды тазалау жұмыстары үздіксіз жүргізілуде.

АВТОКӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ АЛЫМ ЖОСПАРЫ АРТЫҒЫМЕН ОРЫНДАЛДЫ

Қызылорда облысының жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының ұзындығы 3 418,5 шақырымды құрайды. Оның 1 014,5 шақырымы республикалық жолдарға тиесілі болса, 555-і облысқа, 1 849 шақырымы аудандық жолдарға жатады. Өткен жылы облыстық көліктік бақылау инспекциясының тексеру жұмыстарының нәтижесінде 1 070 құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылып, айыппұл салынған. Бұл туралы аталған инспекция басшысының орынбасары Гүлмира Пірнарарова айтты.

2024 жылға арналған ҚР аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым жоспары 26 пайызға артығымен орындалды. Автомобиль көлігі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың қызметіне бақылауды қамтамасыз ету мақсатында инспекциямен 34 шаруашылық субъектіде тексеру жүргізіліп, 71 көлік заңнамасының бұзушылығы анықталды. Өздеріңіз білесіздер, ауыр салмақты жүктерді тасымалдаудың қарқындылығы автомобиль жолының көтергіш қабілетіне тікелей қауіп төндірді. Ал, біздің облыста құрылысқа қолданылатын инертті жүктердің барлығы халықаралық "Батыс Европа-Батыс Қытай" жолы арқылы Шиели, Жаңақорған аудандарынан тасымалданады. Осыған байланысты, инспекция аталған аудандардың әкімшілігімен бірлесіп жүк жөнелтушілер мен тасымалдаушылардың қатысуымен көпшелі кеңестер ұйымдастырылып, міндеттері

мен құқықтары түсіндірілді. Сонымен қатар, жол желісінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында өткен жылдың қазан айынан бастап тиісті сала өкілдерімен жұмысшы топ құрылып, республикалық маңызы бар "М-32 Самара-Шымкент" автомобиль жолының 1 831 шақырымында тәулік бойы көліктік бақылау жұмыстары атқарылды. Нәтижесінде, 60 тұлға жауапкершілікке тартылып, айыппұл салынды. Аталған шаралар бүгінгі күнге дейін жалғасып жатыр. Одан бөлек, темір жол көлігі саласы бойынша қызмет көрсететін 30 шаруашылық субъектілеріне тексеру жүргізіліп, заңнама талаптарын және күтіп ұстау ережелерін сақтамауына байланысты 12 кірме жол, 30 бағыттамалы бұрмалардың пайдалануы уақытша тоқтатылды. Ал, су көлігі саласы бойынша 57 құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 249 шағын көлемді мекемелерге қарау жүргізілді, – деді Гүлмира Жұмағалиқызы.

КӘСІПКЕРЛІККЕ ҚОЛДАУ БАР

Мемлекеттік бағдарламалар аясында қалада кәсіпкерлік бастамаларды қолдау шаралары оң нәтижесін беруде. Бағдарламаның арқасында бизнеске бет бұрып, шаруасын ширатқан кәсіп иелерінің қатарында қала тұрғыны Жансия Альсеитова да бар. Кәсіпкер 2019 жылдан бастап жартылай фабрикалалған өнімдер өндірісімен айналысып келеді. Өткен жылы цехты кеңейту мақсатында Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы арқылы 22 млн. теңге қаражатқа ие болды. Бөлінген қаржыға 1000 шаршы метрге дейін өндіріс орнын кеңейтіп, заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталды. Цех жуырда іске қосылады. Өзірше 5 адамды жұмыспен қамтыған кәсіп иесі күніне 100-110 кг өнім өндіреді. Дайын өнімдер қала орталығындағы дүкен сөрелерінен орын табуға.

Өңірлік инвестициялық орталық арқылы 30 млн. теңгеге жеңілдетілген несие алып, наубайхана ісін қолға

алған кәсіпкердің бірі - Анар Романова. Кәсіпкер қазір 7 адамды жұмыспен қамтып отыр. Наубайханада күніне 400-ге жуық нан өнімдері дайындалып, қаладағы дүкендерге жеткізіледі. Ерекшелігі бұл өнімдер табиғи жолмен ашығылып пісіріледі. Алдағы уақытта кәсіпкер Сол жағалау тұрғын ауданынан кеңейтілген наубайхана ашпақ ниетте.

Қала тұрғыны Мадина Сейліханова да осы бағдарлама аясында 13 млн. теңгеге жеңілдетілген несие алып, жаңа "Бибі-Ана" наубайханасын іске қосты. Күніне 100-ден аса өнім шығарып, "Ақмаржан" мөлтек ауданының тұрғындарын қамтуда. Наннан өзге де өнімдерді сатылымға шығаруды жоспарлауда.

Жалпы, өткен жылы "Қызылорда" өңірлік инвестициялық орталығы микроқаржы ұйымы арқылы, жалпы құны 502,3 млн. теңгені құрайтын 41 жоба қолдау тапты.



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ БАҚЫЛАУ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

Осы бағытта 2024 жылы Департаментке барлығы 279 жолданым түсіп, мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасымен 138 жолданым қаралған, оның ішінде 48-і өз құзыреті шегінде қаралса, 84-і басқа органдарға өз құзыреті шегінде қарау үшін жолданды, 6-уы өтініш иесінің өтініші бойынша қараусыз қалдырылды.

Қаралған 48 жолданымның 22 бойынша қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес түсіндірме берілді, 26 жолданым бойынша жоспардан тыс тексеру жүргізілді.

Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасымен барлығы 48 тексеру жүргізілді, оның ішінде 11 жоспарлы және 37 жоспардан тыс тексеру.

Нәтижесімен, барлығы 439 бұзушылық анықталып, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама бұзушылықтарын жою туралы мемлекеттік органдарға 11 нұсқама және 19 ұсыну енгізіліп, олардың барлығы толық орындалды.

Мысалы, Департаменттің қарауына түскен Қызылорда қаласы тұрғынның шағым негізінде Қызылорда қаласының әкімдігіне қарасты дербес бөлімнің басшысының әрекетіне қатысты жоспардан тыс тексеру жүргізілді.

Өз кезегінде, шағым иесі дербес бөлімнің басшысы



өзінің тұрғын үйінің алдына келіп, полиция қызметкерінің бейнежетонын өзінің омырауына тағып, жазба жүргізгені үшін заң аясында шара көруді сұраған.

Аталған уәждерді нақтылау мақсатында бөлім басшысынан түсініктеме алынып, онда ол қала тұрғынның шағымда көрсетілген уәждермен келіспейтінін көрсеткен. Осыған байланысты, шағымда көрсетілген уәждер бойынша Қызылорда облысының полиция департаментінен ақпарат сұратылды.

Сәйкесінше, Қызылорда қаласының полиция басқармасының жауабында жергілікті полиция қызметі бөлімінің учаскелік полиция инспекторына қатысты қызметтік тергеу жұмыстары жүргізіліп, оның тарапынан бейнежазба жасайтын өзіне бекітілген бейнежетонды әкімшілік қызметкерге бергені анықталып, оған қатаң сөгіс түріндегі тәртіптік жаза

қолданылғаны хабарланды.

Кодекстің 6-тармағының 4) тармақшасында мемлекеттік қызметшілерге азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік таныту, дөрекілік, қалір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеу, өздерінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сыңға себепкер болмауы тиіс делінген талаптар қойылған.

Дегенмен, дербес бөлімінің басшысы полиция қызметкерінің бейнежетонын өзінің омырауына тағып, жазба жүргізу әрекетімен қала тұрғынның тарапынан сыңға себепкер болған.

Яғни, тексеру барысында жинақталған құжаттармен және дәлелдермен бөлім басшысының мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі талаптарының бұзылуына жол бергендігі анықталды.

Аталған факті бойынша бөлім басшысына қатысты

тәртіптік іс қозғалып, Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің шешімі негізінде Қызылорда қаласы әкімінің өкімімен оған қатаң сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

Осылайша, Әдеп жөніндегі кеңестің шешімі негізінде қала тұрғынның бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Сонымен қатар, Департаментпен мемлекеттік органдардың тәртіптік тәжірибесіне тоқсан сайын талдау жұмыстары жүргізіліп келеді. Талдаудың нәтижесімен 7 мемлекеттік қызметшіге қатысты заңсыз қабылданған тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтардың күші жойылып, олардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Бұдан бөлек, жұмыс уақыты режимінің бұзылуының алдын алуға және оған жол бермеу мақсатында мониторинг жүргізіліп, нәтижесімен 52 мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқықтары қалпына келтіріліп, оларға қосымша демалыс күндері немесе сағаттары берілді.

Департамент алдағы уақытта өз міндеттеріне сәйкес мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамалардың сақталуын бақылаумен қатар азаматтардың, соның ішінде мемлекеттік қызметшілердің де құқықтарының бұзылмауын қадағалайтын болады.

Е.Ж.МЕНДАЛИЕВ,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Қызылорда
облысы бойынша
департаментінің басшысы,
Әдеп жөніндегі кеңестің
төрағасы

Әсер ету скринингін қарау туралы хабарландыру

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 55-бабының 6-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне стратегиялық экологиялық бағалау жүргізу үшін мынадай құжаттар (бұдан әрі - СЭБ материалдары) келіп түсті:

- «Қызылорда қаласының бас жоспары. Түзету» құжатының әсер ету скринингі бойынша есеп.

СЭБ материалдарын әзірлеуші: «Казгипроград» І Жобалау институты ЖШС.

СЭБ материалдарына тапсырыс беруші: Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

СЭБ материалдарын әзірлеуге жауапты: Заридзе Ж.Г.

СЭБ материалдары бойынша қорытынды беруге уәкілетті орган: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Жұртшылықты (барлық азаматтар мен заңды тұлғаларды) төменде аталған мәселелер бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын білдіруге шақырамыз:

- 1) жобаны жүзеге асыру қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етуі мүмкін бе, егер солай болса, бұл қандай әсерлер және сіз оларды неге маңызды деп санайсыз?
- 2) Жоба бекітілгенге дейін қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына қандай әсерлерді зерделеу қажет және неге?
- 3) СЭБ өткізу қажет деп санайсыз ба? Сізді қандай ақпарат қызықтырады және неге?
- 4) Жобаны іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықпал әсеріне байланысты Сізде өзге де ескертулер мен ұсыныстар бар ма?

Стратегиялық құжаттың қолданылу кезеңі: 2040 жыл.

Уәкілетті орган: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау бойынша рәсімдерді өткізу мерзімі: 2025 жылғы 22 қаңтар бастап 5 ақпанға дейін (ескертулер мен ұсыныстарды қабылдаудың соңғы күні – 2025 жылдың 5 ақпан).

Байланыс деректері:
Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі - Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, 8
Экологиялық саясат департаменті
Тел.: 8 701-847-2853; 8 (7172) 74-13-83, 74-02-83
e-mail: r.orynbasarova@ecogeo.gov.kz; b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz

Ескертулер мен ұсыныстарды жазбаша түрде төменде көрсетілген мекенжайларға жіберуге болады:

- электронды түрде на эл.адрес Экология министрлігі Канцеляриясының электрондық адресіне: k.kense@ecogeo.gov.kz (сіздің құжатныңызды Канцелярияның алғаны туралы +7 7172 74-08-44 телефоны арқылы нақтылау қажет);
- e-mail: r.orynbasarova@ecogeo.gov.kz; b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz;

- «WhatsApp» номері: 8 776 941 4211

СЭБ бойынша материалдар:
Экология министрлігінің сайтында («Қызмет» бөлімі) «Негізгі құжаттар» – «Стратегиялық экологиялық бағалау» бөлімі)
Тапсырыс берушінің сайтында.

Объявление о рассмотрении скрининга воздействий

В соответствии с пунктом 6 статьи 55 Экологического кодекса Республики Казахстан в Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан, для проведения стратегической экологической оценки поступили следующие документы (далее - материалы СЭО):

- Отчет по скринингу воздействия Документа – «Генеральный план города Кызылорда. Корректировка».

Разработчик материалов СЭО: ТОО «Проектный институт «Казгипроград» І.

Заказчик материалов СЭО: Коммунальное государственное учреждение «Кызылординский городской отдел архитектуры и градостроительства» акимата города Кызылорда.

Ответственный за разработку СЭО: Заридзе Ж.Г.

Уполномоченный орган за выдачу заключений по материалам СЭО: Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан

Приглашаем общественность (всех граждан и юридических лиц) высказать свои замечания и предложения по следующему вопросу:

- 1) может ли реализация Проекта оказывать существенные воздействия на окружающую среду, и если да, то какие это воздействия и почему Вы считаете их существенными?
- 2) какие воздействия на окружающую среду и здоровье населения необходимо изучить до утверждения Проекта и почему?
- 3) считаете ли Вы необходимым проведение СЭО? Какая информация интересуют Вас и почему?
- 4) имеются ли у Вас иные замечания и предложения, связанные с возможными воздействиями реализации Проекта на окружающую среду и здоровье населения?

Период действия стратегического документа:

- первая очередь строительства - 2032 г.;
- расчетный срок - 2045 г.

Уполномоченный орган: Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан

Срок проведения процедуры по приему замечаний и предложений: с 22 января до 5 февраля 2025 года (последний день приема замечаний и предложений – 5 февраля 2025 г.)

Контактные данные:

Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан г.Астана, пр. Мангилик-Ел, 8

Департамент экологической политики
Тел. 8 701-847-2853; 8 (7172) 74-13-83, 74-02-83

e-mail: r.orynbasarova@ecogeo.gov.kz, b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz

Замечания и предложения в письменном виде можно направлять:

- в электронном виде на эл.адрес Канцелярии Министерства экологии: k.kense@ecogeo.gov.kz (необходимо обязательно уточнять, что ваши документы получили в Канцелярию по телефону: +7 7172 74-08-44);

- на e-mail: r.orynbasarova@ecogeo.gov.kz, b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz;

- на номер «WhatsApp» 8 776 941 4211

Материалы по СЭО размещены:

1) на сайте Министерства экологии (раздел «Деятельность» - раздел «Основные документы» - раздел «Стратегическая экологическая оценка»)

2) на сайте заказчика

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ӨРЕНДЕР ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНАН КӨРІНДІ



13-17 қаңтар аралығында Астанада оқушыларға арналған математика, физика және информатика бойынша XXI Халықаралық Жаутиков олимпиадасы өтті. Олимпиадаға әлемнің 15 елінен 700 оқушы мен 150 жүйк жетекші қатысты. Қатысушы елдер қатарында: Армения, Әзербайжан, Беларусь, Болгария, Грузия, Қырғызстан, Монголия, Өзбекстан, Румыния, Ресей, Сербия, Тәжікстан, Түркия, Түрікменстан, Қазақстан бар. Олимпиадаға Қазақстан атынан қатысып, жүлделі орыннан көрінген қызылордалық өрендер де бар.

Жеңіс тұғырынан көрінген оқушылардың қуанышты жаңалығын Сейілбек Шаухаманов атындағы №9 дарынды балаларға арналған облыстық "Білім-инновация" лицей-интернатының директоры Абайбек Сәрсенбеков сүйіншіледі.

Жаутиков олимпиадасы биыл алғаш рет Астана қаласында өтті. Әлемнің әр түкпірінен озық ойлы оқушылар жиналып білім бәсекесінде бақ сынады. Бұл білім бәйгесінде, Сыр өңірінің де асығы алшысынан түсті. Мамадахунов Мансур, Иса Ахмет Курманов

Алимхан, Зермұханбетұлы Ердос алтын, күміс, қола медальдарын иеленіп, Сыр бойылықтардың білім дәрежесінің жоғары екенін көрсете білді. Алдағы уақытта да, білім көкжиегінде сыр елінің атын шығара береміз деген үлкен сенім бар,- деді Абайбек Жанарбекұлы.

Мен XXI Жаутиков атындағы халықаралық олимпиададан алтын медаль иелендім. Жалпы, жарыс екі кезең бойынша өтті. Әр кезеңде 3 тапсырма берілді. Негізінде оқушылар олимпиадаға 9 сыныптан бастап қатысады. Ал, мен 7 сыныбымда 9 сыныптың білім беру бағдарламасының есебін шығарып, олимпиадаға қатысуға мүмкіндік алып, алтын алдым. Содан бері тек облыстық, республикалық ғана емес, халықаралық жарыстарға да қатысып жүрмін. Команда бойынша бірінші, екінші орынды ресейлік оқушылар алды. Мен солардың ішінде абсолюттік төртінші орын алдым. Бұл өте жоғары көрсеткіш болып есептеледі,- деді информатика пәнінен 1 орын иегері Мансур Мамадахунов.

«Ел тілегі» ақпарат

ҚАЛА ДӘРІХАНАЛАРЫНА GPP ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС СЕРТИФИКАТТАР БЕРІЛДІ

Медициналық және фармацевтикалық департаменті дәріхана қызметінің талап-ережелерінің сақталуын бақылайтынын білеміз.

Аталған департамент 2024 жылы жеке және заңды тұлғалардың өтініші бойынша 74 тексеру жүргізген. Жүргізілген тексерулер бойынша тиісті шаралар қаралып, жауаптылар жүйелі жұмыс жасауда. Жыл бойы атқарылған жұмыстарды Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының міндетін атқарушы Жанерке Жаксылық баяндап берді.

Жалпы Қызылорда облысы бойынша фармацевтикалық қызметті 522 нысан

жүзеге асырады. 2024 жылдың 12 айында Департаментке Тиісті дәріханалық практика GPP талаптарына сәйкестігін инспекция жүргізуге 28 өтініш түсті. Өткізілген 28 инспекцияның ішінде GPP талаптарына сәйкестігіне 26 сертификат берілді. 2024 жылы фармацевтикалық қызмет саласында мемлекеттік қызмет көрсетуге 457 өтініш келіп түсті. 2024 жылдың 12 айында Департаментке азаматтардың «Ө-Өтініш» барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бұрынғы платформасы арқылы 67 жолданым келіп түсті,- деді Жанерке Алмасқызы.

«Ел тілегі» ақпарат

ЖЕДЕЛ КЕРІ БАЙЛАНЫС АРҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТ ҰСЫНУ

Азаматтардың өтініштеріне жедел кері байланыс орнату мақсатында Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен сервистік және қызмет алушыға бағдарланған мемлекеттік аппаратты қалыптастыру негізінде EgovKzBot2.0 телеграм боты іске қосылған.

Аталған боттың басты мақсаты – мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қатысты мәселелер бойынша халықпен жедел кері байланыс орнату және туындаған сұрақтарға толыққанды ақпарат ұсыну.

Агенттіктің аумақтық департаменттері көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне және шешімдеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды.

Осы тұста, қызмет алушылар бірқатар қызметтер бойынша онлайн анықтамалар алу үшін ұялы телефонға Telegram мессенджерін жүктеп, EgovKzBot2.0 телеграм боты арқылы Уәкілетті органға өтініш батырмасын басып, мемлекеттік қызмет көрсету сапасына немесе бюрократиядан арылту мәселелері бойынша ұсыныстарын жолдай алады.

Сондай-ақ, уәкілетті органға қандайда бір шағым болса қызмет алушыға қатысты толық ақпаратты көрсете отырып, шағымды толыққанды баяндай алады.

Бүгінгі таңда, Агенттіктің Қызылорда облысы бойынша департаменті жыл басынан бері аталған телеграм бот арқылы келіп түскен 18 азаматтың жолданымна тиісті түсіндірмелер берді.

Осыған байланысты қызмет алушылардың құқықтары бұзылған немесе мемлекеттік қызмет көрсету саласында сұрақтар туындаған жағдайда Агенттіктің Қызылорда облысы бойынша департаментіне немесе EgovKzBot2.0 телеграм бот – платформасына жүгіне алатындығыңызды есіңізге саламыз.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс 1.

Байланыс нөмерлері: 8(7242) 70-56-36, 70-00-40.

Е.Ж.МЕНДАЛИЕВ,
Департамент басшысы
Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы

2025 ЖЫЛЫ МӘМС ҮШІН ҚАНША ТӨЛЕУ КЕРЕК?



2025 жылы МӘМС төлемдерінің мөлшері

QOLDAU 24/7 1414 SAQTANDYRYBOT

Қазақстандағы ең төменгі жалақы мөлшері бұрынғы деңгейде қалды – 85 мың теңге. МӘМС төлемдерінің көбісі өзгерген жоқ. Бұл туралы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Жақсылық Абдусаметов мәлімдеді.

2025 жылы тек біржолғы төлем мөлшері өзгерді – 21,5%-дан 23,8%-ға дейін, сондай-ақ жеңілдетілген категориядағы азаматтар үшін мемлекет тарапынан жарналар мөлшері өзгерді – орташа айлық жалақының 1,9%-ынан 2%-ына дейін, бұл көрсеткіш өткен екі жылдағы ағымдағы қаржы жылының орташа айлық жалақысынан есептеледі. Бұл мәліметті мемлекеттік статистика

саласындағы уәкілетті орган анықтайды.

МӘМС төлемдерінің мөлшері келесідей:

Жұмыс берушілердің жарналары – қызметкердің табысынан 3%. Табыс 10 ең төменгі жалақынан (2024 жылы 850 мың теңге) аспауға тиіс, яғни жұмыс берушінің аударымдарының ең жоғары төленетін сомасы айына 25 500 теңгені құрайды. Бұл қаражат қызметкердің жалақысынан ұсталмайды, оларды жұмыс беруші кәсіпорын есебінен төлейді.

Қызметкерлер, оның ішінде азаматтық-құқықтық шарт бойынша жұмыс істейтіндер – табысының 2%. 10 ЕТЖ артық емес немесе 17 мың теңге.

Біржолғы төлем төлеушілер – жалақы қорынан 23,8%

Жеке кәсіпкерлердің, жеке практикамен айналысатын тұлғалардың жарналары – 5 950 теңге. 1,4 еселенген ЕТЖ-дан 5% төлейді (1,4 * 85 000) * 5% = 5 950 теңге.

Егер жеке кәсіпкер есептілікті «нөлмен» тапсырса, бірақ өз қызметін ресми түрде тоқтатпаса, онда ол Салық кодексі талап еткендей жарналарды төлеуді жалғастыруы керек екенін есте ұстаған жөн. Өйтпесе, қарыз пайда болады.

Дербес төлеушілердің жарналары – 4 250 теңге (1 ең төменгі жалақының 5%)


Мемлекет тарапынан МӘМС-ке төленетін жарналар – 7 285,9 теңге

Төлемді екінші деңгейдегі банктің кез келген бөлімшесі, «Қазпошта» АҚ, Kaspi.kz, HalykBank мобильді қосымшалары арқылы, сонымен бірге Касса 24 және Qiwi амиян өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы аударуға болады.

Еске салайық, МӘМС жүйесіндегі мәртебені келесі жолдармен тексеруге болады:

- Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының сайты: msqory.kz
- Telegram-бот (https://t.me/SaqtandyryBot)
- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы
- Кейбір екінші деңгейлі банктің мобильді қосымшалары
- egov.kz электронды үкімет сайтының «Медициналық қызметтерді тұтынушы ретінде қатысу және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі төлемдер мен жарналар туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызметі арқылы.

Қызылорда облысының тұрғындары Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 91,3 млрд теңге аударды



МӘМС-КЕ ТҮСКЕН ЖАРНАЛАР МЕН АУДАРЫМДАРДЫҢ КӨЛЕМІ ҚАНША?

QOLDAU 24/7 1414 SAQTANDYRYBOT

Жүйе іске қосылған 2017 жылдың 1 шілдесінен 2025 жылдың 1 қаңтарға дейін Қызылорда облысының тұрғындары Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 91,3 млрд теңге аударды, оның 54 млрд теңгесі жұмыс берушілердің аударымдары болса, қалған 37,3 млрд теңге – жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде еңбек ететін тұлғаларға тиесілі, – деп хабарлады «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАК Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Жақсылық Абдусаметов.

Жинақталған қаржы сенімгерлік басқару туралы келісім бекітілген Ұлттық банкте сақталды және МӘМС пакеті шеңберіндегі қызметтер ақысын төлеуге жұмсалуда.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАК Қызылорда облысы бойынша филиалдың халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарау жөніндегі бөлімі

В Фонд социального медстрахования кызылординцы перечислили 91,3 млрд тенге

С 1 июля 2017 года по 1 января 2025 года в Фонд социального медстрахования жители Кызылординской области перечислили 91,3 млрд тенге, из них 54 млрд тенге приходятся на отчисления работодателей, 37,3 млрд тенге на взносы индивидуальных предпринимателей и лиц, работающих по договорам гражданско-правового характера, – сообщил директор областного филиала Фонда социального медицинского страхования Жақсылық Абдусаметов.

Все поступившие за ОСМС средства хранятся в Национальном банке, с которым заключен договор доверительного управления и предназначены на оплату услуг, оказываемых в рамках ОСМС.

Отдел по информированию населения и рассмотрению обращений филиала НАО «ФМС» по Кызылординской области



Размеры платежей на ОСМС в 2025 году

QOLDAU 24/7 1414 SAQTANDYRYBOT

ЖАРҚЫН ӨМІР

Әлемде қанша адам болса да әр адам қайталанбайтын тұлға. Әлемді өзгерту ол өзіміздің қолымызда. Мен жасағанда не тұр деп емес, мен жасасам қоғамға қалай әсер етемін деп ойланатын кез келді. Ұлан ғайыр атырапты ұрпағымға мұра етсем деген бабаларымыздың біз орындаған арманымыз. Ұлым деп қанын төгіп, жанын берген батырларымыздың елім деп қамын жеп, маңдай терін төгетін ұрпағы бола білу парызымыз.

Ғаламның дерті болған есірткімен күресті әр адам өзімізден бастайық. Онымен күресу одан сақтанудан басталады. Тұтынушылардың 70-80 пайызы байқамай пайдаланудың құрбандары. Өкініштісі оларды орға жаққандардың көпшілігі жақыным деп сенім артқан тас бүйректер. Сондықтан таныс емес затты тұтынарда тымталапшыл, секесшіл болыңыз. Албырттықпен ақаулық, шамадан тыс қызығушылық адамды құрдымға

апаратын екінші жол. Өмірге бір келгенде бәрін десеніз сізді құттаймын. Алайда есірткінің қандай екенін көргіңіз келсе дәмін татып, уақытша арбауына батып көрмеңіз. Оны тұтыған адамды, опынған отбасыны көзбен қарап, санамен орнында болып көру саналы адам үшін жеткілікті.

Балаларыңыздың бақытты балалығын, өміріңіздің қайта оралмас қызығын құрбан етпеңіз. Жасампаз елдің жас ұланы ретінде жарқын болашағыңызды жар басынан құлатпауға шақырамыз. Ұлтымыздың ұламуға, ұлы мақсат жолында жүретін сау ұрпақ болуға шақырамыз. Егер осындай жолда жаңылған болсаңыз сіз мемлекеттің ең бірінші қазынасысыз. Көмек алуан ешқашан қорықпаңыз. Заңға және отаныңызға сенім артуға шақырамыз. Жарқын өмір болмайды, оны адамдар құрастырады.

Кеңшілік Арайлым

Хабарландыру

«Бейнеу аудандық кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БИН191140029249) бөлу жолымен қайта ұйымдастырылуына байланысты, талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады. Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, Досан Тажиев көшесі 10/1 мекен-жайында орналасқан, Бейнеу аудандық әкімдігі ғимараты, 2-қабаг.Тел: 25509.

В связи с реорганизацией путем выделения государственного учреждения «Бейнеуский районный отдел предпринимательства, сельского хозяйства» (191140029249 БИН), иски принимаются в 2-месячный срок со дня опубликования настоящего объявления по адресу: Маңғыстауская область, Бейнеуский район, село Бейнеу, уллица Досан Тажиев 10/1, зд. Бейнеуского районного акимата. Тел: 25509.

ҮЗДІК АТАНҒАН СПОРТ МЕКТЕБІ



Спорт – мемлекеттің мәртебесін, халықтың рухы мен деннің саулығын нығайтатын ең өзекті сала. Бұл ретте аймақтағы спорт мектептерінің спортшыларды дайындаудағы нәтижелі жұмысы айрықша маңызға ие. Соның ішінде, болашақ чемпиондарды даярлауда жоғары жетістіктерге жетіп жүрген Қызылорда қаласындағы №1 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі спорттың 16 түрі бойынша балаларды кәсіби түрде бағыттап келеді.

Атап айтқанда, ауыр атлетикадан – 4 жаттықтырушы, 116 спортшы, әйелдер күресінен – 2 жаттықтырушы, 66 спортшы, баядарка мен каноэде есуден – 1 жаттықтырушы, 15 спортшы, бокстан – 4 жаттықтырушы, 112 спортшы, грек-рим күресінен – 4 жаттықтырушы, 84 спортшы, дзюдодан – 5 жаттықтырушы, 183 спортшы, еркін күрестен – 4 жаттықтырушы, 148 спортшы, көркем гимнастикадан – 4 жаттықтырушы, 121 спортшы, стэнд атудан – 4 жаттықтырушы, 80 спортшы, таеквондодан – 4

жаттықтырушы, 114 спортшы, каратэден – 2 жаттықтырушы, 78 спортшы, кикбоксингтен – 2 жаттықтырушы, 48 спортшы, самбодан – 4 жаттықтырушы, 120 спортшы, шахматтан – 4 жаттықтырушы, 122 спортшы, казак күресі – 4 жаттықтырушы, 115 спортшы қамтылған.

Жоғарыда аталған спорт түрлері бойынша балалардың жас ерекшеліктері бекітілген. Осыған сәйкес балалар қалаған спорт түріне ақысыз негізде

қабылданады. Нақтырақ айтсақ, ауыр атлетика – 8-14 жас, әйелдер күресі – 10-14 жас, баядарка мен каноэде есуден – 10-14 жас, бокс – 10-12 жас, грек-рим күресі – 10-14 жас, дзюдо – 10-12 жас, еркін күрес 10-14 жас, көркем гимнастика – 5-7 жас, стэнд ату – 12-13 жас, таеквондо – 8-11 жас, каратэ – 7-9 жас, кикбоксинг – 10-12 жас, самбо – 10-13 жас, шахмат – 5-9 жас, казак күресі – 10-13 жас таңдалады.

№1 облыстық олимпиадалық

резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі жүйеленген жұмыстарының нәтижесінде ең үздік спорт мектебі атанып, 1-ші орынға ие болды.

Сондай-ақ, аталмыш мектеп спортшылары 2024 жылы бірнеше спорт түрлері бойынша өткен ел чемпионаттарынан - 188 медаль жеңіп алса, Әлем және Азия чемпионаттарынан - 45 медальді ел қоржынына салды.



Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Көримов

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9726 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №13

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/